



2 Марапат төрінде – мұнайшылар



3 Салықтық саясат халықтық мүддеге



4 Шайырлықтың шартарабын шарлаған



6 Ажалдан аршалаған азамат



ПРЕЗИДЕНТ

## ӨРТ БОЛҒАН ӨНІРДЕГІ ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысы Әуликөл ауданындағы өрттен зардап шеккен аумақты аралағаннан кейін шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді.

Президент Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің өртті ауыздықтау, елді мекендердегі азаматтарды эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға қолдау көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндамаларын тыңдады. Өңірдегі ахуалдың бақылауда екенін айтты. Табиғи апатты жою үшін барлық қажетті шаралар қабылданған.

Қасым-Жомарт Тоқаев болған жағдайдан тиісті сабақ алу қажет екенін атап өтіп, өртті толық әрі жылдам ауыздықтау үшін шұғыл әрекет ету штабына барлық ведомствонның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

Сонымен қатар, Президент үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған адамдарға толыққанды қолдау көрсетудің маңызды екенін атап өтті. Үкімет пен Қостанай облысының әкім-

дігіне зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде өтемақы төлеу мәселесін қамтамасыз ету тапсырылды.

– Зардап шеккен азаматтардың бәріне қажетті көмек беріледі. Олар қауіпсіз жерге көшірілді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет тиісті мәселелерді шешу жұмыстарымен айналысып жатыр. Көмек көрсетілетініне ешқандай күмән болмауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев өрттің шығу себебін анықтау қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, орман алқабын қайта қалпына келтіру үшін кешенді шаралар

әзірлеп, алдағы уақытта осындай апатты жағдайларды болдырмау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу керек.

Президент Төтенше жағдайлар министрлігін ведомство қызметкерлерінің әлеуметтік, соның ішінде тұрғын үйге және жатақханаға қатысты мәселелерін шешуге және қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіби кадрлардың дайындық деңгейін арттыруға қабілетті институт ретінде айтарлықтай күшейту қажет екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құра-

мымен, сондай-ақ өртті ауыздықтауға тартылған еріктілермен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайды жоюға атсалысқан барлық азаматтың жасаған ерлігі үшін алғыс білдіріп, олар наградлар мен сыйлықтарға ұсынылатынын айтты.

Шұғыл әрекет ету штабы отырысынан кейін Мемлекет басшысы орман өртінен зардап шеккен Аманқарағай ауылының аумағын аралады.

Мемлекет басшысы Әуликөл ауылындағы мектепте орналасқан эвакуациялау пунктінде зардап шеккен азаматтармен кездесіп, гумани-

тарлық көмек тарату пунктін жұмысымен танысты.

Зардап шеккендермен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет қиын жағдайды енсеру үшін барлық шараларды қабылдайтынын айтты.

– Өкінішке қарай, үлкен өрт болды. Дегенмен тиісті көмек көрсетілді. Сіздердің баспанасыз қалғандарыңызды білемін. Үкімет екі, екі жарым айда сіздерге бұрынғыдан әлдеқайда жақсы жана үйлер салып береді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еріктілермен әңгімелесіп, оларға көрсеткен көмегі үшін алғыс айтты.

### ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

## Жолдау жүтін нәтижелі іс жеңілдетеді



Өткен аптаның сенбісінде ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайловтың төрағалығымен Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруға арналған жиын өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

Үкімет басшысы тиісті сала жетекшілеріне Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспардың жобасын әзірлеуді және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жүйелі әрі салалық шаралар кешенін қабылдауды тапсырды. Жолдауда нақтыланған міндеттерді, тапсырмаларды іске асыруға бағытталған жоспарлары туралы министрлер есебі тыңдалды.

Селекторлық жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Жолдаудан туындайтын міндеттер мен тапсырмаларды іске асыруға арналған жиын өтті.

Жиынға мемлекеттік мекеме, құқық қорғау органдары басшылары, зиялы қауым, саяси партия өкілдері қатысты. Мемлекет басшысы Жол-

дауда саяси реформалардың жаңа бағдарламасын, әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылатын іс-шараларды, ішкі, сыртқы саясат, қауіпсіздік мәселелерін айқындап, 5 бағытты нақтылап берді. Мәжілісте алдымен Жолдауда айқындалған бағыттар бойынша спикерлер пікірі тыңдалды. Алғаш болып облыстық мәслихат депутаты, Ұлттық Құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов сөз алды.

Мемлекет басшысының бұл жолғы Жолдауының тарихи ерекшелігі – елімізді жаңа демократиялық мемлекет ретінде қалыптастыруға бағытталған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» қағидаларына негізделгені. Қоғамда қалыптасқан қандай

мәселелер бар, соның барлығы сала бойынша осы құжатта қамтылған, – деді Қылышбай Алдабергеновты. – Соған сәйкес нақтыланған бағыттар Үкімет басшысының қалағалауымен жүзеге асырылады. Біздің облыста да Жолдауда айтылған басым бағыттар, жоспарланған жұмыстар уақытылы әрі сапалы іске асырылатынына сенемін. Біздің өңірге тікелей қатысты мәселенің бірі – су тапшылығы. Жолдауда Президент бұл мәселеге тоқталды. Былтырмен салыстырғанда биыл су көлемі жақсы, яғни, қажеттілімізге, үнемдеп пайдалануымызға жетіп отыр. Жолдаудағы негізгі бағыттың бірі – әлеуметтік сала.

2-бет

### САПАР

## «Балалар жылының» тартуы мол

Аралда әлеуметтік нысандар ашылды

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданына жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік нысандарды ашты. Аймақ басшысы алдымен аудан орталығындағы бүгінге дейін апатты деп танылған мектептің орнына жаңадан салынған №71 орта мектебіне барып, оқушыларға игі тілегін арнады.

Сb Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

Мемлекет үшін де, адам үшін де бала өмірінен қымбат байлық жоқ. Сондықтан да, өткен жылы мектеп ғимаратының құрылысы басталып, өз уақытына сай жана оқу жылында пайдаланылуға берілді. Осы кезге дейін №71 мектеп-интернатының ескі мектеп ғимараты апатты деп танылып келді. Енді ол қауіп жойылды. Елдің ардагерлері мен ұстаз қауымының сұранысы толық өтелді.

2-бет



Жиынға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтаганов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Аңсар қатысты. Мәжілістің алғымсөзін облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтаганов алып, қазақ елінің жарқын болашағы үшін күрескен Алаш қайраткерінің еңбегі туралы кеңінен атап өтті. – Бүгінгі жиын өткен

## Мемлекеттік тіл – татулықтың негізі

Облыс орталығындағы «Достық үйінде» Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің негізі» тақырыбында пленарлық мәжіліс өтті.

Сb Аружан ЕРАЛЫ,  
«Сыр бойы»

ғасырдың басында қазақ тілінің тағдыры үшін күрескен, қазақ әліпбиінің негізін қалаған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналып отыр. Бұл күнді Тілдер мерекесі деп атаудың үлкен мәні бар. Баршанызды бүгінгі мерейлі мерекемен құттықтаймын. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғана емес, сонымен қатар, ұлы ағартушы ұстаз. Оның жасаған әліпбиі ұлттық жазудың

қалыптасуына үлкен септігін тигізді. Бұл мерейтойды ЮНЕСКО деңгейінде атап өтудің маңызы зор. Осы орайда облыс көлемінде атаулы мерекеге орай түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Тәуелсіз ұлтымыздың жадын жаңғыртып, тарихи тамырымыздан қайта нәр алуымызға жол ашқан ұлт ұстазының еңбегін зерделеп, оның мол мұрасын ұрпақ санасына сіңіру баршамызға ортақ міндет, – деді ол.

6-бет









